

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 362 қаулысы

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Жауапты орталық атқарушы органдар:

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне жыл сайын 10 қаңтарға қарай Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2015 № 616 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жыл сайын 15 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.08.2015 № 616 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

17

сәуірдеғі

№

362

қаулысымен

бекітілген

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Іс-шаралар жоспары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.08.2015 № 616 қаулысымен.

P/ с №	Iс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
1.	«Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының оған іргелес аумақтардың халқына медициналық және радиоэкологиялық салдарын ретроспективті және проспективті талдау» тақырыбына зерттеу жүргізу	Зерттеулер бойынша ҰЭМ-ге есеп	ДСӘДМ	2014 жылғы желтоқсан, 2015 жылғы желтоқсан, 2016 жылғы желтоқсан	001 «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасының 103 «Әлеуметтік, талдамалық зерттеулерді жүргізу және консалтинг қызметтерін көрсету» кіші бағдарламасы бойынша республикалық бюджет 2014 ж. – 30,3 млн . тенге; 2015 ж. – 30,1 млн . тенге; 2016 ж. – 23,4 млн . тенге
2.	«Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының оған іргелес аumaқтардың халқына медициналық және радиоэкологиялық салдарын ретроспективті және проспективті талдау» тақырыбына жасалған зерттеулер бойынша санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу	Сараптамалық санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды, ДСӘДМ-ге, ӘМ-ге ақпарат	ҰЭМ	2015 жылғы қантар, 2016 жылғы қантар, 2017 жылғы қантар	talap етілмейді
3.	Семей ядролық сынақ полигонының түрлі қоршаган орта объектілерінің (аяу, су, топырақ) және ауыл шаруашылық өнімдерінің ластану деңгейлерін бағалау жөнінде зерттеулер жүргізу қорытындылары бойынша Семей ядролық сынақ полигонының тексерілген аумақтары бойынша материалдар ұсыну	АШМ-ге, ДСӘДМ-ге, ҰЭМ-ге ақпарат	ӘМ	2017 жылғы наурыз	038 «Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының «Бұрынғы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» іс-шарасы

				шенберінде респубикалық бюджет
4.	Семей ядролық сынақ полигоны аумақтарының сыныпталуын өзгертудің орындылығын айқындау мақсатында бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумақтарын зерттеу материалдарына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу	Мемлекеттік экологиялық сараптаманың корытындысы, ДСӘДМ-ге ақпарат	ЭМ	2017 жылғы сәуір талап етілмейді
5.	Семей ядролық сынақ полигоны аумақтарының сыныпталуын өзгертудің орындылығы туралы мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң корытындысы болған кезде «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардан шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы	ДСӘДМ	2017 жылғы шілде талап етілмейді
6.	Карағанды және Павлодар облыстарының денсаулық сақтау басқармалары, облыстық консультативтік-диагностикалық орталықтар мамандарының Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының, Павлодар облысы Баянауыл, Лебяжі және Май аудандарының тұрғындарына консультативтік-диагностикалық қызметтерді көрсетуі	ДСӘДМ-ге ақпарат	Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдіктері	2014 жылғы желтоқсан, 2015 жылғы желтоқсан, 2016 жылғы желтоқсан жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат шегінде
7.	Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардан шеккен Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының халқын (оның ішінде балаларды) профилактикалық медициналық тексерудің 10 түрі бойынша скринингті тексеріп-қарасты жүргізу	ДСӘДМ-ге ақпарат	Қарағанды облысының әкімдігі	2014 жылғы желтоқсан, 2015 жылғы желтоқсан, 2016 жылғы желтоқсан жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат шегінде
8.	Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласында	Енбекминине ақпарат		талап етілмейді

	Респубикалық кешенді дозиметрия орталығын құру туралы мәселені қаруа		ИЖТМ, ШҚО әкімдігі	2014 жылғы мамыр	
9.	Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында Радиациялық медицина және экология ФЗИ жанынан 120 төсек-орынға арналған оқалту орталығын құру туралы мәселені қаруа	Еңбекминіне ақпарат	ДСМ ШҚО әкімдігі	2014 жылғы мамыр	талақ етілмейді

Ескерте: аббревиатураудың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі; ДСӘДМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі; Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі;

ҰӘМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ШҚО – Шығыс Қазақстан облысы;

ЭМ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі.

ФЗИ – ғылыми-зерттеу институты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК